

**«Нурби»Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



I өндірістік кеңес

хаттамасы.

2021-2022 оқу жылы

Шымкент қаласы

03.10.2021 жыл

Хаттама №1

Қатысқандар –

Күн тәртібі:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы).
2. Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің қорытындысы.
3. Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы.

Тыңдалды:

1. Өндірістік кеңесті бөбекжай-бақша кешені директор Д.С.Бердимбетов бастады. Сөзін ең алдымен мектепке дейінгі ұйымдарда салауатты өмір салтын қалыптастыру, сауықтыру шараларын үнемі өткізіп тұру керек деп айтты. Осы орайда қандай іс-шаралар атқарып жатқандығы туралы есеп беру үшін медбике Г.Табризова сөз берді. Медбике Г.Табризова: - Денсаулық дегеніміз олар:
 - тазалық;
 - гигиеналық шаралар;
 - уақытымен тамақтану;

Осы аталған шараларды орындау арқылы салауатты дені сау өскелең ұрпақ тәрбиелей алатынымыз сөзсіз. Мектеп жасына дейінгі баланың дене бітімі әдемі, буындары жақсы бекіп, ағзалары тұмауға қарсы төзімді болуы үшін сауықтыру шаралары күнделікті жоспар бойынша өткізілуі тиіс. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі гигиеналық рәсімдердің бір уақытта күн сайын қайталануымен қамтамасыз етеді, ал бұл мінез-құлық мәдениетінің дағдылары мен әдеттерінің біртіндеп қалыптасуына жағдай жасайды. Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін арнайы физминуткалар жасауға болады. Мұндай жаттығулар баланың дене бітімін, аяқ қолдарын түзу, дене мүшелерінің үнемі қозғалыста болуына, қан

айналым жүйесінің жақсаруына, көңіл күйлерінің көтеріңкі, оқу іс-әрекеттерінде белсенділігін арттырады.

Балаларды тамақтану кезінде үстел басында дұрыс отыруға, тамақты мұқият және баяу шайнап, асхана аспаптары мен сүлгілерді қолдана алуларын үйрету қажет. Ал асханадағы кезекшіліктер, тек қана үстелді дұрыс жабдықтап қана емес, сонымен бірге кезекшілікке кіріспес бұрын міндетті түрде қолдарын тазалап жуу, өзін тәртіпке келтіруі керек. Тамақтанудың мәдени дағдыларын үйрету баланың салауатты өсіп жетілуін қалыптастырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үлгілік жоспары бойынша бекітілген сабақ кестесі бойынша оқу іс әрекеттері өткізіліп отырады. Сабақ арасында 13 минут аралығында сергіту жаттығулары өткізіліп отырады. Бала үстел үстінде қимылсыз ұзақ отырса, қанға және миға оттегі жеткіліксіз болады. Сол себепті де сергіту жаттығуларымен көз жанарларына арналған сергіту жаттығулары күнделікті өткізіліп отырады.

Балалардың таза ауада болуының денелік даму үшін маңызы зор және ақыл-ой тәрбиесіне жағдай жасайды. Байқағыштық дамиды, қоршаған дүние туралы ұғым кеңейеді. Баланы таза ауада серуенге шығару дене тәрбиесінің дамуына, денсаулықтарын шыңдауға, көңіл күйлерін көтеруге әсерін тигізеді. Балабақшада серуендеу күніне 2 рет (күннің бірінші және екінші жартысында) өткізіледі, ал жазда балалардың барлық уақыты ұйқы мен тамақ ішуді қоспағанда, ашық ауада өткізіледі. Серуендеулерге бөлінген уақыт қатаң сақталады, ал олардың мазмұны жыл мезгіліне, ауа температурасына, балалардың жасына байланысты болады,-деп тәрбиешілерге күнделікті күн тәртібін сақтай отырып, сол күн тәртібінен ауытқымай жұмыс жасауға шақырды.

2. Директор Д.С.Бердимбетов бөбекжай-бақша кешенінде 2020-2021 оқу жылының басынан бүгінгі күнге дейін атқарылған іс-шаралар туралы есеп берді. Жаңа оқу жылына өзгертілген нормативтік құжаттармен барлық бөбекжай бақша кешені ұжымы танысқанын, тәрбиешілер жаңа стандартқа сәйкес, өзгертілген үлгілік оқу жоспары бойынша жұмыстар атқарылғанды, 11 топ тәрбиешілері жас ерекшелігіне бұрыштармен жабдықталғандығы айтылды. Топ тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері оқу жылының басында бекітілген тізім бойынша өз топтарында жұмыс атқарып жатыр. Сонымен қатар Барлық бөбекжай-бақша кешені ұжымы лауазымдық нұсқаулықтармен танысып, қол қойғандығы және сол нұсқаулық бойынша жұмыс жасап жатыр деді. Әдіскер Абдухаликова Г.Т. мен шаруашылық меңгерушісі Р.Бердимбетов бөбекжай-бақша кешенінің жылу мерзіміне дайындығын тексеріп шықты.

3. Бөбекжай-бақша кешені шаруашылық ісі меңгерушісі Ж.Бердимбетов қызметкерлерді өрт қауіпсіздігіне арналған нұсқаулықтармен толық таныстырды. Төмендегі тараулардың:

- Жалпы талаптар;
- Өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары;
- Өртті ауыздықтау кезіндегі МДҰ меңгерушісі мен өрт күзетінің бірлескен іс-әрекетінің тәртібі;

• Арнайы талаптар,- әрқайсысына жеке тоқталып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тәрбиешілерге балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеуді, оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, сонымен қатар оның тілсіз жау екендігін түсіндіру қажет екендігін айтты. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т.б қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу керек, -деді. Төтенше жағдай кезінде сіз дүрбелең алмайсыз. Әрбір тәрбиеші осы немесе басқа жағдайда іс - әрекеттер туралы нақты нұсқауларға ие. Бұл апат, өрт, табиғи апат болуы мүмкін. Әрқайсысының бастапқы міндеті - өз топтарының балаларын құтқару, содан кейін АГҚО - ның бастық немесе басшы орынбасарының қорытындылары туралы есеп беру. Барлық нұсқауларды нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік тек тәртіптік санкцияларға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік айыппұлдар мен қылмыстық жазаларға да қолданылады. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі назар аударуды қажет ететін басты тақырыптардың бірі болып табылады. Балалардың өмірін мүмкіндігінше көп қорғау үшін, осы мекеменің барлық қызметкерлері өрт сөндіру бригадасына келіп, қажет болған жағдайда өрт сөндіру жаттығулары мен өртті сөндіру әдістерінен алты айда бір рет тапсырады,-деп сөзін аяқтады.

Қаулы етті:

1. Бөбекжай-бақша кешенінде салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары жиі өткізілсін;
2. Ағымдағы атқарылып жатқан жұмыстар жақсы деп бағалансын.
3. Өрт қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

Директор:
Әдіскер:



Д.С.Бердимбетов
Абдухаликова Г.Т.

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



II өндірістік кеңес

хаттамасы.

2021-2022 оқу жылы

Шымкент қаласы

05.12.2021 жыл

Хаттама №2

Қатысқандар –

Күн тәртібі:

- 1.Топтардың санитарлық жағдайы,жедел тексеру қорытындысы.
- 2.Ас блогының жұмысын талдау,тамақтың әртүрлілігі,коллориясы,асүйдің санитарлық гигиеналық жағдайы.
- 3.Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Г.Табризова топтардың тазалығы жалпы ортадан жоғары деңгейде. Тәрбиеші көмекшілері топтағы ыдыстарды гипохлоридке салып тұру керек. Бір топтың бөлмелерін жууға аптаның бес күнін белгілеп қойғанбыз, сол бойынша топтар жуылады. Жатын бөлмедегі кроваттардың астынан бірде-бір шаңтозаң шықпайтынын ескертті. Таңертең ауланы сыпыру, тамақ ішіп болған соң үстел үстін гипохлоридпен сүрту, барлық топтардың тазалықтары санитарлық талаптарға сай, ережесін сақтауды атап өтті. Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады.

Еден жуу тәртібі:

1. Таза сумен жуып алады.
 2. Сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады.
 3. Дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады.
 4. Құрғатып сүртіледі.
- Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып тұрады.

Көмекші тәрбиешілердің 3 ауысымда :

1. Ішке
2. Әжетханаға
3. Сыртқа арналған арнайы киімдері бар.

ДеоХлор ерітіндісінің дайындалуы:

1. Еден жууға 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
2. Ылғалды жинау әр топтарда ауыстырыла отырып, 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
3. Ыдыс аяқ жууға 15 литр суға 2 таблетка 0,03 пайыз

Екінші мәселе бойынша Медбике Г.Табризова сөзін жалғастырды, қыс мезгіліне байланысты ас мәзіріне өзгертулер енгізілді. Ас мәзіріндегі тамақ түрлеріне оның ішінде коллориясына аса мән берілді. Ас блогына зерделеу жүргізіліп кеңестер айтылды және қажетті құралдармен толықтырылды. Ас үйдің санитарлық гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық жақсы.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның шаруа меңгерушісі – Р.Бердимбетов сөз алды. Балабақшадағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының іс-шараларымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі мекемеде оның барлық қызметкерлері Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы (Бұдан әрі – ЕҚ және ҚТ) ережелерін сақтауға міндетті екендігін айтты. Ережеде қызметкерлер белгілі бір санатының әр түрлі функционалдық міндеттері ескерілген. Осы ережені қызметкерлердің қатаң сақтау арқылы жұмысын ұйымдастыруды талап етті. Себебі әрбір ата-ана балаларын аман етіп тапсырып отырғандықтан олардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажеттігі айтылды.

Қаулы етті:

- 1.Тазалық қатаң сақталынсын, дезинфекция ережесі сақталынсын.
2. Ас блогының жұмысы, санитарлық жағдайы үнемі орындалсын.
- 2.Техника қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.

Директор:

Д.С.Бердимбетов

Әдіскер:

Абдухаликова Г.Т.



**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



Кезектен тыс өндірістік кеңес

хаттамасы.

2021-2022 оқу жылы

Шымкент қаласы

04.01.2021 жыл
Хаттама №3

Қатысқандар –
Қатыспағандар-жок

Күн тәртібі:

1. Қызметкерлердің еңбек жалақысының өсуі туралы
 2. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысымен қызметкерлерді таныстыру туралы;
 3. Қызметкерлердің тамақ ақысы туралы
1. ЖШС «Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешенінде 2020 жылдың қаңтар айынан бастап Қ.Р. Білім және Ғылым министрінің 2015 ж. 31.12. №1193 қаулысы негізінде педагогикалық, техникалық, медицина қызметкерінің еңбек жалақысы 2020 жылдың қаңтар айынан бастап 25% өсетінін, қосымша еңбек келісім шарты түзіліп, таныстырылатынын бақша кешені директоры Д.С.Бердимбетов айтты.
 2. Директор Д.С.Бердимбетов 2020-2021 оқу жылындағы кезекті жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кестесі құрылу керек деді. Осы мәселе бойынша әдіскер Абдухаликова Г.Т. қызметкерлер пікірін ескере отырып жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кестесін түзіліп, қызметкерлерге таныстыру керектігін айтып өтті.
 3. Бөбекжай-бақша кешені әдіскері Абдухаликова Г.Т. барлық қызметкерлерге меню бойынша түскі тамақ ақысына еңбек жалақысынан ай сайын ұсталынып отырылсын деген шешім айтылды.

Қаулы етті:

1. Жаңа тарифтік тізім бойынша еңбек жалақысына 25% қосылып, қосымша еңбек келісім шарты жасалынатын болды.
2. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы кестесі бойынша түзіліп, өз кезегімен жіберілетін болып ұйғарылды.
3. Бөбекжай-бақша кешені қызметкерлерінің түскі асына ай сайынғы еңбек жалақысынан бір ауыздан ұсталынып тұруға келісті.

Бөбекжай-бақша кешені директоры: *Бердимбетов* Д.С.Бердимбетов

Әдіскер:
Есепші:
Тәрбиеші:
Тәрбиеші:



Абдухаликова Г.Т.
Ж.Орынбасарова
Г.Адасханова
А.Шакирбекова